

**Сөйлеу тілі жалпы дамымаған І-деңгейдегі оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы


Кезеңі		
Логопедтің тегі, аты:	Оқушылардың аты, жөні:	
Күні:		
Сынып: топтық	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Түрлі әрекеттерді түсіне алу дағдыларын қалыптастыру.	
Сабақтың мақсаты:	- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу); - Естіп қабылдауын дамыту;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе кезеңі 5 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу: оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру. Шаттық шеңбері. «Әрқашан күн сөнбесін» әнін тыңдау.  Әнді тыңдап тұрып қолды әннің ырғағымен толқын тәрізді тербету -Ал, жарайсыңдар! Рахмет көп. II. Негізгі кезең. Сөйлеу тілін түсінуін дамыту. Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша	Мұғаліммен сәлемдеседі, сабаққа зейін қояды. Қолдарын толқын тәрізді тербетеді.		Аудиожазбадағы ән Күн суреті

Сабақтың басы 15 минут	атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру. - Балалар, бүгін біз «Отбасы мүшелері жайлы» әңгімелейтін боламыз. Қоржынға назар аударайықшы. Ішінде не бар екен?! Ал ендеше қазір қызықты бір тапсырма орындайық. 1. «Көңілді балақай» <i>Мақсаты:</i> сөйлеу тілін түсінуге үйрету, көру зейінін, есте сақтауын дамыту. <i>Сипаттамасы:</i> Сиқырлы қоржын ұстаған бала кіреді. Логопед қоржын ішінен мысық, ит, жылқы, кой, ешкіні табуды ұсынады. Бала аталған ойыншықтарды сипап-сезу арқылы табады. Барлық жануарларды үстелдің үстіне тізіп қойып, логопед аталған ойыншықтардың көзін, тұмсығын, мүйізін көрсетуді өтінеді. Ал енді балалар қараңдаршы тақтада тұрған отбасы мүшелеріне қарап, әкесі, анасы, атасы, апасының көзін, мұрнын, кейіннен өздеріңнің дене мүшелерін көрсетіп шығайық. Логопед бала назарын біртіндеп, аңдар мен құстардың да адамдікі сияқты дене мүшелері бар екеніне аударады. Суреттегі бейнені шынайымен сәйкестендіруге үйретеді. 2. «Қайда болғанымызды айтпай, не істегенімізді айтамыз» <i>Мақсаты:</i> сөйлеу тілін түсінуге үйрету; көру зейінін, сәйкестеу білігін, есте сақтауын дамыту. <i>Сипаттамасы:</i> Балалар үстел =үстіне әрекеттерді атауға көмектесетін заттарды (суреттерді) жайып қояды: Кір жуатын машина -ыдыстар, ұнтақ, су; Іс тігетін машина - біздер, жіптер;	Қоржын ішінен ойыншықтарды табады. Отбасы мүшелерін көрсетеді. Тақтадағы суретке назар аударады		Сиқырлы қоржын, жануарлар ойыншықтары. Суреттері және отбасы суреті Заттық суреттер (кір жуатын
--------------------------------------	--	--	--	---

	ауызбен шығару (ән дем шығарғанда айтылады) керектігін түсіндіреді. У- у- у жел соғады ту-ту-ту --пойыз, би-би-би --машина, У-у-у- ұшақ, Бо-бо-бо - аю. IV. Сергіту сәті Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегін. Әжең – асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның. Ағаң – қамқор асқарың, Інің – мөлдір аспаның. (М.Қуанышбеков) Әрбір отбасы мүшесіне сай қимыл қозғалыстар жасау арқылы орындалады. V. Естіп қабылдауын дамыту. 1) "Күн немесе жаңбыр" ойыны: <i>Мақсаты:</i> есту зейінін ауыстыру қабілетін дамыту, дабылдың әртүрлі дыбыстарына сәйкес әрекеттерді орындауға үйрету. Жаңбыр дыбысы естілсе тығыламыз, Жазды күнінің дыбысы естілсе қолымызбен күнге керілеміз 2) «Кім айқайлап жатқанын тап" ойыны; Ойыншықтың дыбыстық белгісі бойынша естіп, анықтауға үйрету,	Оқушылар педагог үлгісі бойынша қимыл қозғалыстар жасайды Оқушылар мұқият тыңдап сәйкесінше қимыл-қозғалыстар жасайды Оқушылар ойыншық дыбысына сәйкес суреттерді көрсетеді		суреттері: машина, ұшақ, аю, пойыз. Сергіту әуені Жаңбыр, шырайлы күн дыбыстары
--	---	--	--	--

				Барабан, сылдырмақ, машина, кубик ойыншықтары мен суреттері										
Сабақтың ортасы 20 минут	VI. Дауыспен жұмыс. «Жаңғырық ойыны»  А дыбысын барынша созып берілген ырғаққа салып қайталау. VII. Ырғақты жаттығулар. «Бұршақ» Алақанда айналар Қызыл бұршақ, көк бұршақ Сонда ғана шынығар Екі қол мен он саусақ. Қызыл бұршақ тереміз Еңкейеміз, аламыз Көк бұршақты тереміз, Еңкейеміз аламыз	Оқушы әр түрлі ырғақ бойынша а дыбысын қайталап айтады.		Бұршақтар көк, қызыл түске боялған										
Сабақтың соңы 5 мин	VIII. Қорытынды Кері байланыс ретінде берілген кестеге сандық баға қойып шығайық. Бүгінгі сабақ ұнады ма? <table border="1"> <tr> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> <td>4</td> <td>5</td> <td>6</td> <td>7</td> <td>8</td> <td>9</td> <td>10</td> </tr> </table>	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	Сабақты бағалайды		Сандық сызғыш
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10					

**Сөйлеу тілі жалпы дамымаған II-деңгейдегі оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі		
Логопедтің тегі, аты:	Оқушылардың аты, жөні:	
Күні:		
Сынып: топ	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жалпылама сипаттағы сөздер: тәулік бөліктері	
Сабақтың мақсаты:	- Сөйлеу тілін түсінуін дамыту; - «Тәулік бөліктері» лексикалық тақырыбы бойынша белсенді сөздік қорын дамыту; - Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату дағдыларын бекіту; - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе кезеңі 5 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу: Мектебіме барғанда. Жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен. «Қайырлы таң» деймін мен, Күндіз де елді елеймін. «Қайырлы күн» тілеймін, Үйге кешке келемін. Не дерімді білемін,	Мұғаліммен сәлемдеседі, сабаққа зейін қояды.		Аудио жазбадағы ән

Сабақтың
басы 15
минут


«Кеш жарық» деп кіремін!

Жарайсыңдар, балалар.Осындай жақсы көңіл-
күймен оқу іс-әрекетімізді бастайық!

II. Сөйлеу тілін түсінуін дамыту.

- Сендер үлкендер мен балалар таңертең, күндіз, кешке, түнде немен айналысатынын білгілерің келе ме? Олай болса қазір қызық тапсырма орындайық.

Тақтаға назар аударайық



III. Тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеу
және ажырату дағдыларын қалыптастыру

1. «Көр, қайтала!» ойыны.

Тәулік суреттері

Мақсаты: оқушыларға шылауларға және эмоционалды лептерге еліктеуін дамыту
 Сипатамасы: оқушыларға сюжетті суреттердегі эмоцияларды эмоционалды леппен қайталау ұсынылады



2. «Ненің даусы» ойыны
 Аудиодан тауық, әтеш, балапан, түйе, ешкі, жылқы, есек дауыстарын қосамын. Балалар суреттен кімнің дауысы екенін тауып белгілеңдер.

Дыбыстарды тыңдап, ажыратып, суреттен белгілейді.

Сюжетті суреттер эмоционалды лепті білдіретін


Сурет

Сабақтың
ортасы 20
минут



IV. «Тәулік бөліктері» лексикалық тақырыбы бойынша белсенді сөздік қорын дамыту;

3. Тәулік бөліктері тақырыбы бойынша балаға сөйлем құрауға ынталандыру.



Аталған сурет бойынша «шықты, батты» етістіктерін қосу арқылы сөйлем құрау

Оқушы:

Күн шықты,


Күн батты.

Ай шықты,

Ай батты

деп сөйлем құрайды

V. Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту

	4. Ойлау қабілетін дамыту. «Сөздік ойын». Тәулік бөліктері туралы. - Біз түнде ұйықтаймыз, ал жаттығуды, жасаймыз. - Таңғы асты таңертең, ал түскі асты,.... ішеміз - Кешке кешкі асты ішеміз, ал ұйықтаймыз. VII. Сергіту сәті Таңертең тұрамын, Бетімді жуамын. Тісімді тазалап, Шашымды тараймын. Киімімді киемін, Бақшаға келемін Мен әдепті баламын 5. «Қолдың ұсақ моторикасын дамыту» жаттығуы Сіріңке көмегімен суреттегі заттарды жасаңдар. 	Сөздерді ойлап, сөйлемді аяқтайды. Сергіту сәтін қимылдармен орындайды. Сіріңке көмегімен суреттегі заттарды жасайды.		
Сабақтың соңы 3	VIII. Қорытынды Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнадыма?	Ия, өте қатты ұнады Барлық тапсырмалар қызықты болды		

минут	- Бүгінгі сабақтың тапсырмалары қызықты болдыма? - Балалар сендерге қай ойын ұнады? Кері байланыс 			
Үйге тапсырма 2 мин	Ермексаз көмегімен кесе жасаңдар 			

**Сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ-деңгейдегі оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі		
Логопедтің тегі, аты:	Оқушылар:	
Күні:		
Сынып/топ	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Заттар мен олардың бөлшектері. Зат есімнің жекеше және көпше түрлері	
Сабақтың мақсаты	- Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту; - Заттар мен олардың бөлшектерін (ағаш, бұтақ, жапырақ, діңі т.б.) атау; - Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;	

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин	- Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? - Көңіл-күйіміз жақсы болса барлық назарымызды сабаққа аударайық 1-тапсырма <u>Көріп қабылдауы мен көріп есте сақтауын дамытуға арналған тапсырма</u> <u>Әр қатардағы түрлі-түсті суреттерді қарап, есте сақтап алыңдар. Олардың әр қатардағы көлеңкесін табыңдар</u>	- Сәлеметсізбе мұғалім! - Көңіл күйіміз жақсы Назарларын сабаққа аударады. Сол жақтағы суреттерді қарап есінде		

Сабақтың
басы 18
минут



2-тапсырма

Сол жақ төбедегі ойыншықты көк түске, оң жақ төмендегі ойыншықты жасыл түске бояңдар



3-тапсырма

«Гимнастика» жаттығуы

Едендегі ені 10 см болатын ағаш үстімен, қол жаттығуларын жасай отырып тұра және артқа жүріңіздер. Кері қайтқанда полға секірі түсіңіздер.

Қол жаттығулары: алға жүргенде «Саусақтарды басбармаққа кезек-кезек қосу», артқа жүргенде

сақтап алады. Бетін жауып әр қатардан сол заттардың көлеңкелерін табады.

Сол жақ төбедегі ойыншықты көкке, оң жақ төмендегі ойыншықты жасыл түске бояйды.

Ағаш үстімен саусақ жаттығуларын жасай отырып, жүріп шығады.

Ашық және жабық қорапшадағы заттарды

	«Қайшы жасау». 4-тапсырма <u>«Сыңарын тап» ойыны</u> <u>Шарты: Балаға ашық және тұра солай жабық қорапшаға салынған горох, күріш, моншақберіңіз. Бала екеуінде сылдыраты арқылы сыңарларын табуы қажет.</u> 5-тапсырма <u>Артикуляциялық жаттығулар</u>  6-тапсырма Тілдік тыныс алу мен дауысты дамыту <u>«Дыбысты соз» ойыны</u> <u>Оқушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Логопед сигнал бергенде терең дем алып. Дем шығарғанда логопед көрсеткен дауысты дыбысы айтады. Кім ұзақ айтса сол жеңімпаз болады.</u> Жаңа тақырыпты жариялау Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Заттар мен	сәйкестендіреді. Артикуляциялық жаттығуларды айнаға қарап орындайды. Ойын шартына сәйкес тапсырманы орындайды.		
--	---	---	--	--

	олардың бөлшектері. Зат есімнің жекеше және көпше түрлері» деп аталады.			
Сабақтың ортасы 19 минут	7-тапсырма <u>Фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған тапсырма</u> <u>«Дыбысты ұстап ал» ойыны. Балалар мен сендерге қазір дыбыстар қатарын айтамын, сендер, Дауысты О дыбысын естігенде қол шапалақтаңдар</u> А П Р О Л Т И Д О Б Ю Ж З В К Н Р О У Ы С О О И Т П А Ү Ұ О Ж Х О Л 8-тапсырма Буындық құрылым бойынша жұмыс, буындарды дыбыстық талдау <u>Берілген суреттерді атаңдар. Буынға бөліңдер, сөздегі буын санын айтыңдар, әр буынға дыбыстық талдау жасаңдар.</u>  Балалар қандай затты алар болсақта олардың жеке бөліктері және олардың аттары болады. Мысалы мынау ағаш.	«О» дыбысын естігенде қол шапалақтайды. Бұл – құмыра. ҚҰ –МЫ – РА. 3 буыннан тұрады. Әр буында 1 дауысты 1 дауыссыз дыбыстан бар (Осылайша барлық суреттерді атап, талдап шығады.)		

Оның тамыры, діңі, бұтағы жапырағы, жемісі болады. (суреттен көрсету)



9-тапсырма

Суретте берілген заттар мен олардың бөліктерін атаңдар



10-тапсырма

Суретте берілген заттар мен олардың бөлшектерін атаңдар. Көпше түрге

Мұқият тыңдап, қайталап отырады.

Суреттерді және олардың бөлшектерін атап шығады.

	<u>айналдырыңдар</u>  11-тапсырма Сөйлеммен жұмыс. Сөйлемді графикалық талдау <u>Сөйлемдерді оқыңдар, зат есімдерді 1 сызықпен, етістікті екі сызықпен, басқа сөз таптарын ирек сызықпен сызыңдар.</u> Сөйлемдер: Мен футболға бардым. Айжан өзенге суға барды. Алақай, атам келді! Айдос үлкен болып өсті.	Мынау –қоян. Қоянның басы, көзі, мұрны, аузы. Құлағы, қолы, аяғы бар. Қоян-қояндар. (Осылайша барлық заттарды атап шығады) Сөйлемдерді оқып, сөздердің астын тиісінше сызып шығады.		
Сабақтың соңы 3 мин	- Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнадыма? Кері байланыс Бүгінгі сабақ ұнаса бағдаршамның жасыл түсіне, ал ұнамаса қызыл түсінне стикерді жапсыр	-Ия ұнады. Стикерлерді бағдаршамға жапсырады.		
Үйге тапсырма 2 мин	<u>Жұмбақтарды шешіп, көпше түрде айтып келу</u> Бұл не деген көп киім, жетпіс қабат көп киім. Жаңбыр одан өтпейді, қабат-қабат тоны бар, түймелеуге жетпейді. (орамжапырақ)			

	*** Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (қарындаш) *** Үстіне тігіп көк шатыр, Астында қызыл дәу жатыр (қызылша)			
--	---	--	--	--

**Ысқырық (Ц-С),ызың (Ч-Ш) дыбыстарын түзетуге арналған оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі:	Дайындық кезеңі	
Логопедтің тегі, аты:	Оқушылар:	
Күні:		
Сынып/топ	Қатысушылар саны: 2	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	«Ц-С» дыбысын қоюға дайындық. Менің отбасым және достарым	
Сабақтың мақсаты:	- «Ц-С» дыбыстарының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру; - Бағытталған ауа ағынын қалыптастыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; «Менің отбасым және достарым» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе кезеңі 5 мин	-Сәлемдесу « Күлімде күн, күлімде! Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ!» Осындай жақсы көңіл- күймен сабағымызды бастайық! Логопед: -балалар, мен сендерге жұмбақ жасылғым келіп тұр. Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған. Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар? - Дұрыс, балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен - Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы. Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсындар? Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?	-Сәлемдеседі,назарын сабаққа аудару. Шаттық шеңберін орындау -Жұмбақтың шешуі: отбасы -Суретте тату отбасыны көріп тұрмыз. -Отбасы мүшелеріне: ата- әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас жатады.		

Сабақтың
басы 15
минут



-Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз және достарымыз туралы болмақ.

Артикуляциялық жаттығулар

-Кәнекі, біз тілімізді жаттықтырып алайық.

«Бақа» жаттығуы.

Орындалуы: тістерді көрсетіп, жымию.



«Күрек» жаттығуы

Орындалуы: езу тартып күліп, тілдің жалпақ ұшын төменгі ерінге салып қою.



«Қамыр» жаттығуы

Орындалуы: Ауыз сәл ашық, тілді бос қылып, алдыңғы ерінге салып, «пя-пя-пя» дыбыстарын айтып, тілді соғу. Тілді дірілдетпей бос қылып, осы қалыпта 1-5 секунд ұстау.



«Тәтті тосап» жаттығуы

Орындалуы: ауызды сәл ашып, жалпақ тілдің алдыңғы шетімен жоғарғы ерінді жоғарыдан төменге қарай жалау.

Логопед нұсқаулығымен балалар артикуляциялық жаттығуларды орындайды.





«Тіс тазалау» жаттығуы

Орындалуы: ауызды ашып, тілдің ұшымен жоғарғы және төменгі тістерді тазалау.



«Өткеншек» жаттығуы

Орындалуы: ауызды кең ашып, тілдің ұшын жоғарғы және төменгі тістің артына кезек-кезек тірейміз.



-Ендігі кезекте сабағымызды тыныс алу жаттығуымен жалғастырайық.

Тыныс алу жаттығулары

«Допты қақпаға кіргіз»

Езу тартып күлу, астыңғы ерінге тілдің алдыңғы шетін төменгі ерінге салып, ф дыбысын айтқандағыдай, үстел үстіндегі мақтаны арғы шетіне үрлеу.

Орманда аңдардан басқада көбелектер бар екен.

«Жұлдыздарды ұшырайық»

Ойын шарты: жұлдыздар мен жүрекшелерді үрлеу, (заттардың өте жеңіл екенін ескеру) балалардың заттарды ұшыру үшін үрлеу жылдамдығын түсіндіру.

Енді мына суретке назар аударайық. Бұл Айдостың отбасы.

-Айдостың отбасында кімдер тұрады екен?

Логопед нұсқаулығымен балалар тыныс алу жаттығуын орындайды

-Айдостың отбасында атасы, әжесі, әкесі, анасы, ағасы, інісі



	<i>Айдостың отбасы</i> 	және қарындасы бар. Айдостың ағасы Шыңғыс бокс үйірмесіне қатысады. Ал інісі Досбол мен қарындасы Сара балабақшаға барады.		
Сабақтың ортасы 20 минут	Фонематикалық естуін қалыптастыру бойынша жұмыс Логопед:- балалар, мен қазір сендерге сөздерді айтамын. Сол сөздердің ішінен «с» дыбысын естісең шапалақ ұрыңдар. <i>Сөздер:</i> Айдос, ата, әже, қарындас, Сара, іні, Шыңғыс, ана, бокс, аға, балабақша. Дәптермен жұмыс Логикалық тапсырмалар «С-Ц» әріптері Шарты: әріптердің ішінен с әріпін тауып, астын сыз. КУСРЦВШСЕЫС ЛМНСҚЙУСГЫД СФҮЦСЗПСӨҰ АШСТИБЦЮСӘҒҢ « Сәйкестендір» жаттығуы Шарты: заттарды түстеріне қарай сәйкестендір, ата.	Шапалақтап жауап берді. Айдос, қарындас, Сара, Шыңғыс, бокс. КУСРВШСЕЫС ЛМНСҚЙУСГЫД СФҮЦСЗПСӨҰ АШСТИБЮСӘҒҢ		



-Балалар, берілген тапсырма сендер үшін қызықты болды ма?
-Ендеше, тілге және ерінге арналған артикуляциялық жаттығуларды қайта еске түсіріп, қайталап жіберейік.

Артикуляциялық жаттығулар

-Кәнекі, біз тілімізді жаттықтырып алайық.

«Бақа» жаттығуы.

Орындалуы: тістерді көрсетіп, жымию.



«Күрек» жаттығуы

Орындалуы: езу тартып күліп, тілдің жалпақ ұшын төменгі ерінге салып қою.



«Қамыр» жаттығуы

Орындалуы: Ауыз сәл ашық, тілді бос қылып, алдыңғы ерінге салып, «пя-пя-пя» дыбыстарын айтып, тілді соғу. Тілді дірілдетпей бос қылып, осы қалыпта 1-5 секунд ұстау.



«Тәтті тосап» жаттығуы

Орындалуы: ауызды сәл ашып, жалпақ тілдің алдыңғы шетімен жоғарғы ерінді жоғарыдан төменге қарай жалау.



Қызғылт- сары сәбіз, көк сабын, қызыл сөмке, жасыл ыдыстар, қара үстел, күлгін жастық.
-ия.

Логопед нұсқаулығымен артикуляциялық жаттығуларды орындайды.



	 «Тіс тазалау» жаттығуы Орындалуы: ауызды ашып, тілдің ұшымен жоғарғы және төменгі тістерді тазалау.  «Откеншек» жаттығуы Орындалуы: ауызды кең ашып, тілдің ұшын жоғарғы және төменгі тістің артына кезек-кезек тірейміз. 			  
Сабақтың соңы 3 мин	Логопед: - Бүгінгі сабақта біз қандай тақырып бойынша әңгіме құрадық? - Қандай артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындадық?	-бүгінгі сабақта біз «Отбасы» тақырыбы бойынша әңгіме құрадық. -«Бақа», «Күрек», «Қамыр», «Тәтті тосап», «Тіс тазалау», «Откеншек», «Допты қақпаға кіргіз», «Жұлдыз ұшырайық» жаттығуларын орындадық.		
Үйге тапсырма 2 мин	-Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын қайталау. -«Менің отбасым» тақырыбында суретін салып келу.			

**Сонорлы (Р-Л) дыбыстарын түзетуге арналған оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың
күнтізбелік- тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі	Дайындық кезеңі	
Логопедтің тегі, аты:	Оқушының аты жөні:	
Күні:		
Сынып: топ	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	«Р» дыбысын қоюға дайындық. Менің отбасым және достарым	
Сабақтың мақсаты	- «Р» дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру; - Бағытталған ауа ағынын қалыптастыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Менің отбасым және достарым» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе кезеңі 5 мин	-Сәлемдесу Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Кергелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер. - Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық? - Ал, киіз үйде кімдер тұрады? - Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? - Дұрыс айтасындар. Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз,достарымыз туралы болмақ. Артикуляциялық жаттығулар -Кәнекі, біз тілімізді жаттықтырып алайық.	-Сәлемдеседі, назарын сабаққа аударады -Шаттық шеңберін орындау -Балалар -Киіз үйдің бейнесін жасадық -адамдар,балалар -Отбасы -Балалар		 

Сабақтың
басы 15 мин

«Серуен» жаттығуы. Тілді 1-5-ке дейін санап ұстап тұру.

«Кімнің тістері таза?» Ауызды сәл ашып, тілдің ұшымен жоғары тістерді ішінен оңға- солға тазалау.




«Сылақшы». Жымыып, ауызды ашып, тілдің ұшымен таңдайды «сылау» алдыға- артқа.



«Ат шауып келеді»


Жымыямыз, ауызды ашып, жалпақ тілді қатты таңдайға қағу.




Тыныс алу жаттығулары

- Логопед: енді тыныс алу жаттығуларын жасайық
«Допты қақпаға кіргіз»
Езу тартып күлу, астыңғы ерінге тілдің алдыңғы


артикуляциялық
жаттығуларды
орындайды
«Тіс тазалау»



«Сылақшы»



«Ат шауып келеді»



-Балалар тыныс алу
жаттығуларын
орындайды.



	шетін төменгі ерінге салып, ф дыбысын айтқандағыдай, үстел үстіндегі мақтаны арғы шетіне үрлеу. Орманда аңдардан басқада көбелектер бар екен. «Ұш көбелек!» жаттығуын жасайық. Көбелектерді ұшыру үшін үзбей дем шығару керек. Логопед балаға көбелектерді көрсетіп, олармен ойнауды ұсынады. -Қарашы, қандай әдемі көбелектер! Логопед көбелектерді үрлейді, -Қара, ұшты! Енді сен үрлеп, оларды ұшыр. Қай көбелек ары ұшады екен? Үрлеген уақыт 10 секундтан аспау керек. -Жарайсың! Ал енді мына гүлдерге қарашы, олар қалай аталады, білесің бе? (бақ- бақ гүлі) Енді осы гүлмен аттас жаттығуды жасайық. «Бақ бақ гүлі» (алдын- ала даладан жұлып әкелген бақ- бақ гүлдер). - Қане, бақ- бақ гүлдердің мамықтарын үрлейікші. Бір- ақ рет қатты үрле де, барлық мамықтар ұшатын болсын. Қарашы, мамықтар ұшып жатыр. - Енді мына суретке назар аударайық - Кімдерді көріп тұрсыңдар? - Отбасы мүшелерін атайық: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас	-Балалар -Отбасы мүшелерін көріп тұрмыз Балалар өз отбасы туралы айтып береді.		
--	---	---	--	---

	 Отбасында кімдермен тұрасыңдар атап, дәптерлеріңе жазыңдар	Дәптермен жұмыс Әкем, анам, ағам, қарындасым		
Сабақтың ортасы 20 минут	Фонематикалық естуін қалыптастыру бойынша жұмыс -Логопед: Балалар мен сөздер айтамын, сендер «Р» дыбысы бар сөзді естігенде шапалақтауларың керек. Ата, қарындас, әпке, бауырлар, әже, әпке, көке, Асқарлар Логикалық тапсырмалар « Көлеңкесің тап ойыны»   «Серетті боя» жаттығуы Берілген суреттен барлық « Р» дыбысын боя.	-Балалар Қарындас, бауыр, Асқар сөздерін естігенде шапалақтап жауап берді Балалар суреттерді көлеңкесімен сәйкестендірді .		   Сурет және қалам 




Артикуляциялық жаттығулар

-Кәне, біз тілімізді жаттықтырып алайық.

«Серуен» жаттығуы. Тілді 1-5-ке дейін санап ұстап тұру.

«Кімнің тістері таза?» Ауызды сәл ашып, тілдің ұшымен жоғары тістерді ішінен оңға- солға тазалау.



«Сылақшы». Жымыып, ауызды ашып, тілдің ұшымен таңдайды «сылау» алдыға- артқа.





«Ат шауып келеді»

Жымиямыз, ауызды ашып, жалпақ тілді қатты таңдайға қағу.

Суретті бояйды.

Балалар артикуляциялық жаттығуларды орындайды



	 Орындалу тәртібі: • Жасыно. • Тісін марты. • Аузын аюу. • Тізді талдайға жабыстыру. • Тақтайды алдымен бою, содан кейін жылдам кету.			
Сабақтың соңы 3 мин	- Бүгін қай дыбыс бойынша жұмыс жүргіздік? - Әкеміздің әкесі бізге кім болады?	Р дыбысы Ата болады		
Үйге тапсырма 2 мин	-Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын қайталау -Отбасы суретін салып келу.			

**Сонорлы (Р-Л),тіл арты (Қ-Ғ) дыбыстарын түзетуге арналған оқушылармен жүргізілетін топтық сабақтардың
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі	ажырату	
Логопедтің тегі, аты:	Оқушылар:	
Күні:		
Сынып:топ	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Р-Л дыбыстарын ажырату	
Сабақтың мақсаты:	- Р-Л дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - Дыбысты естіп ажыратуын дамыту; - Дыбысты айтып ажыратуын бекіту; - Фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе кезеңі 5 мин Сабақтың басы 15 минут	-Сәлемдесу Күн жарығын алақанға салайық, Жүрегіме басып ұстап қалайық. Сондай жарық, мейірімді көңілмен, Сабақты біз бастайықшы балақай -Ең бірінші тілімізге жаттығу жасайық... Артикуляциялық жаттығулар жасайық «Тәтті тосап» жаттығуы Орындалуы: ауызды сәл ашып, жалпақ тілдің алдыңғы шетімен жоғарғы ерінді жоғарыдан төменге қарай жалау.  «Кесе» жаттығуы 	-Сәлеметсіз бе? Артикуляциялық жаттығуды жасайды		 

Орындалуы: ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, тілдің алдыңғы шеті мен бүйірлерін көтеріп, «кесе» жасау. Тілдің шеттері төмен түспей, жоғары көтерілген қалыпта тұруын қадағалау.



«Саңырауқұлақ» жаттығуы

Орындалуы: жымию, тістерді көрсету, ауызды сәл ашып, жалпақ тілді таңдайға жапсырып, ауызды ашу (тіл- саңырауқұлақтың басы, ал тілдің сіңірі- саңырауқұлақтың аяғы болады).



«Гармон» жаттығуы

Орындалуы: жымию, ауызды сәл ашып, тілді таңдайға жапсырып, тілді төмен түсірмей ауызды ашып жабу. Ерін жымиған қалыпта. Жаттығуды қайталағанда ауызды кеңірек ашып, тілді жоғарыда ұзақ уақыт ұстауға тырысу керек.



Шатастыратын дыбыстар артикуляциясындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау және оларға сипаттама беру. Дыбысты таңбалармен белгілеу

- «Р» дыбысын айт, енді «Л» дыбысын айт.
- «Р» дыбысын айтқанда тіліміз, ерніміз қандай қалыпта, қай жерде тұрады?

Сипаттамасын еске түсіреді



Л және Р дыбыстарының айырмашылығы

Л дыбысын айту кезінде	Р дыбысын айту кезінде
Ауыз ашып, "Жетпін" жаттығуын жасау. [Л] дыбысын сөзмен айтуға тұрап, таан бармағын "Теріс" жөлігі арқылы тілдің екі шетімен жалпы ауыз ашық кезінде, таан бармағын.	Ауыз ашып, "Тотамын" жаттығуын жасау. Бүкіл ТТТ мен тілмен, екі тіс ТТТ айтып, таан бармағын қанатпен таан бармағын көрсет. Сөзге ауыз ашық кезінде, таан бармағын.

	- Ауа ағыны қандай? - «Л» дыбысын айтқанда тіліміз, ерніміз қандай қалыпта, қай жерде тұрады? - Ауа ағыны қандай? [Л] және [Р] дыбыстарын ажырату [Л] және [Р] дыбыстарының артикуляцияларын ажырату <table> <tr> <td> Л дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Желкен" жаттығуын жасау. [Л] дыбысын созып айтып тұрып, тілді бірден "артқа" алып қалу. Тілдің екі шетінен жылы ауа шығады. Тамақ әңдетеді.  </td> <td> Р дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Тоқылдақ" жаттығу жасау. Баяу ТТТ деп айтамыз, енді тез ТТТТ айтып, қатты үрлеп қалғанда тілдің ұшы қимылдау керек. Суық ауа шығады. Тамақ әңдетеді.  </td> </tr> </table>	Л дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Желкен" жаттығуын жасау. [Л] дыбысын созып айтып тұрып, тілді бірден "артқа" алып қалу. Тілдің екі шетінен жылы ауа шығады. Тамақ әңдетеді. 	Р дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Тоқылдақ" жаттығу жасау. Баяу ТТТ деп айтамыз, енді тез ТТТТ айтып, қатты үрлеп қалғанда тілдің ұшы қимылдау керек. Суық ауа шығады. Тамақ әңдетеді. 			
Л дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Желкен" жаттығуын жасау. [Л] дыбысын созып айтып тұрып, тілді бірден "артқа" алып қалу. Тілдің екі шетінен жылы ауа шығады. Тамақ әңдетеді. 	Р дыбысын айтқанда: Ауыз ашық. "Тоқылдақ" жаттығу жасау. Баяу ТТТ деп айтамыз, енді тез ТТТТ айтып, қатты үрлеп қалғанда тілдің ұшы қимылдау керек. Суық ауа шығады. Тамақ әңдетеді. 					
Сабақтың ортасы 20 минут	Фонематикалық қабылдауын дамытуға арналған жаттығулар Дыбысты айтып ажыратуға арналған тапсырма. Ойын: Дүкенге саяхат Мақсаты: «Р», «Л» дыбыстарын ажырату; Ойынның сипаттамасы: Мен дүкенші боламын, сендер сатып алушы боласыңдар. Менен жеміс-жидектер сатып алуға болады. Атауында «Р», «Л» дыбыстары бар жеміс-жидектер жапсырылған. Алған жемісті (алма, алша, өрік, лимон, мандарин, алмұрт, қарбыз) атап, дәмін, түрін сипаттау керек және атауында «Л» немесе «Р» дыбысы бар-жоғын	Балалар тапсырманы орындайды.		 		

	анықтау қажет. Дыбысты естіп ажыратуға арналған тапсырма Ойын: Кім тапқыр? Мен сендерге жемістердің атын атаймын, сендер мұқият тыңдап, екі себетке бөліп саласыңдар. Бірінші себетке атауында «Л» дыбысы бар жемістерді саласыңдар. Екінші себетке атауында «Р» дыбысы бар жемістерді саласыңдар. Дыбыстық талдау, жинақтауды қалыптастыру бойынша жұмыс «Алмұрт» сөзіне дыбыстық талдау мен жинақтау жасайық - Алмұрт сөзінде ең бірінші қай дыбыс естіледі? (А дыбысы) - Екінші қай дыбыс? (Л дыбысы) - Үшінші қай дыбыс? (М дыбысы) - Төртінші қай дыбыс? (Ұ дыбысы) - Бесінші қай дыбыс? (Р дыбысы) - Алтыншы қай дыбыс? (Т дыбысы) - Бұл сөзде қанша дауысты дыбыс (3), қанша дауыссыз дыбыс? (3) - Осы сөзді қанша буынға бөлуге болады? (3) - Біз қандай ереже білеміз? (Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады).	Себетке бөліп салады 		
Сабақтың соңы 3 мин	- Балалар, «Р-л» дыбыстарын айтқанда қандай айырмашылықтар бар?	Л дыбысын айтқанда: <i>Т</i> тіліміз жоғары қызыл иекке тиеді, суық жел болады. Р дыбысын айтқанда: <i>Тіліміз</i>– қасық пішіндес		

		болады. Суық жел, діріл пайда болады.		
Үйге тапсырма 2 мин	<i>Жұмбақты қайталау, жатқа айту.</i> Жасыл түсім өзгермей, Тұра берем баяғыдай. Р орнына Л қойсақ, Жеміс болам аяғында (арша-алша)			

Аграмматикалық дисграфияны түзетуге арналған жеке сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Педагог-логопед:Тортбаева Ш

2024-2025 оқу жылы

Кезеңі:	қалыптастыру	
Логопедтің тегі, аты:	Оқушы:	
Күні:		
Сынып: жеке	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Түбір сөз	
Сабақтың мақсаты:	- Түбір сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; - Сөздер тізбегінен түбір сөздерді табу; - Сөйлемді жазу кезінде берілген сөз тәртібін сақтауға үйрету;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Логопедтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 2 мин	- Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Психологиялық ахуал Соғылды міне, қоңырау, Біз сабақты бастаймыз. Партамызға отырып, Табыс тілеп өзгеге, Жаңа білім алуға, Алға қадам тастаймыз.	- Сәлеметсізбе ! - Көңіл күйіміз жақсы Өлең жолдарын қайталап, қол шапалақтайды.		
Сабақтың басы 3 минут	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау Балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз «Түбір сөздер» деп аталады. Сабақ барысында түбір сөздер туралы білімімізді жетілдіріп, сөздер тізбегінен түбір сөздерді табуға үйренеміз. Сөйлемдерді жазу кезінде сөздер тәртібін сақтауға дағдыланамыз.	Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен танысады.		
Сабақтың	<i>Түбір сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.</i>			

ортасы
35 минут

Балалар түбір дегеніміз – сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігі. Мысалы:



Сөздің түбірін табу үшін сөзге сұрақ қою арқылы, оның өзгермейтін мағыналық бөлігін анықтаймыз. сөздің түбірін  сызықпен бөліп көрсетеміз.

Сөздер тізбегінен түбір сөздерді табуға арналған тапсырмалар

1-тапсырма

Жапырақтарда жазылған сөздерді дауыстап оқыңдар. Бұл сөздердің ортақ түбірі қайсы деп ойлайсыңдар. Дәптерге көшіріп жазып, түбірін белгілеңдер.




2-тапсырма


Берілген сөздерді оқыңдар. Олардың түбірін тауып, шартты белгісімен белгілеңдер.

Логопедті мұқият тыңдап, түбір туралы түсініп алады. Сөздерге сұрақтар қою арқылы сөздің өзгермейтін мағыналық бөлігін, яғни түбірін табуды үйренеді.

Жапырақтарда жазылған бастық, баста, басқарма, басшы, басқыш, баспа, баспалдақ сөздерін дауыстап оқиды және дәптерге көшіріп жазады. Сөздердің түбірін тауып, сызып көрсетеді.



Аспаз жүргізуші кітапхана Сыйлық балапан алаша Шаршы оқулық жүзік Қаламсап бояулар баспаны 3-тапсырма <u>Суреттер атауын жазып, сол сөздерге сұрақ қою арқылы түбірін табыңдар.</u>       Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды жазайық. Оңға қарап иіліп, Солға қарап иіліп, Сәл демалып алайық, Орнымызға отырайық. Сөйлемді жазу кезінде берілген сөз тәртібін сақтауға үйретуге арналған тапсырма 4-тапсырма <u>Орындары алмасып берілген сөздерді дұрыс қою арқылы сөйлемдерді дұрыс құрап жазыңдар. Асты</u>	Берілген сөздерді оқып, олардың түбірін тауып, сызықпен бөліп көрсетеді. Мысалы: аспаз – түбірі ас, жүргізуші – түбірі жүр Суреттер атауын, яғни жастық, сандық, дәрігер, үйрек, жылқы, құмырсқа сөздерін жазып, сол сөздердің түбірін табады. Мысалы жастық – түбірі жас. Сергіту сәтін қимылдармен орындайды. Орындары алмасқан сөздерден дұрыс сөйлем құрап жазады. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, түбірін табады. Мектепте жылда жарыс өтеді. Жылда – түбірі «жыл» Балалар ойнап жүріп, құстың		
---	---	--	---

	<u>сызылған сөздердің түбірін табыңдар.</u> Мектепте, өтеді, <u>жылда</u>, жарыс. <u>Балалар</u>, ойнап жүріп, көрді, ұясын, құстың. <u>Елімізде</u>, жерлер, баратын, саяхатқа, көп. Мен, сыныпта, оқимын, <u>екінші</u>. 5-тапсырма <u>Ми жартышарларының қызметін дамытуға арналған тапсырма</u> <u>Екі қолмен срутет салыңдар</u>  Оқу минуты 6-тапсырма <u>Сөздерді алдымен оң көзбен, содан соң сол көзбен оқыңдар</u> <table><tr><td>АЛА</td><td>АТА</td><td>ДОП</td></tr><tr><td>БАЛА</td><td>БАТА</td><td>ДАЛА</td></tr><tr><td>БАЛАПАН</td><td>БАСПАНА</td><td>ДАРАБОЗ</td></tr></table>	АЛА	АТА	ДОП	БАЛА	БАТА	ДАЛА	БАЛАПАН	БАСПАНА	ДАРАБОЗ	ұясын көрді. Балалар – түбірі «бла». Елімізде саяхатқа баратын жерлер көп. Елімізде – түбірі «ел». Мен екінші сыныпта оқимын. Екінші – түбірі «екі». Екі қолмен бірдей жүргізу арқылы сызықтарды сызып шығады. Берілген сөздерді алдымен оң көзбен, содан соң сол жақ көзбен оқиды.	
АЛА	АТА	ДОП										
БАЛА	БАТА	ДАЛА										
БАЛАПАН	БАСПАНА	ДАРАБОЗ										
Сабақтың соңы 2 мин	- Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнадыма? - Түбір дегеніміз не? - түбір сөзді қалай табамыз? - түбір сөзді қалай белгілейміз? Кері байланыс Бүгінгі сабақ ұнаса бағдаршамның жасыл түсіне, ал ұнамаса қызыл түсінне стикерді жапсыр	-Ия ұнады. - Сөздің бөлінбейтін маыналық бөлігі. - Сұрақ қою арқылы табамыз.. - Түбір белгісін салып көрсетеді.										

		Стикерлерді бағдарламға жапсырады.		
Үйге тапсырма 3 мин	<i>Төменде берілген сөздердің түбірін тауып, белгілеңдер</i> ҚЫСТАУ, ҚЫС, ҚЫСҚА, ҚЫСҚАРТУ, ҚЫСҚЫШ, ҚЫСТЫРУ. ҚЫЗ, ҚЫЗҒАЛДАҚ, ҚЫЗДАР, ҚЫЗДЫРУ, ҚЫЗҒАНШАҚ.			

